

Степногорск қаласының білім бөлімінің жанындағы «Мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты» МКҚК бойынша 2018 жылдың қорытындысы

Кәсіпорын қызметінің мақсаты оқушыларды еңбекке және кәсіптік оқытуға қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай міндеттер түрлерін жүзеге асырады: 1) еңбекке және кәсіптік оқытудың сапалы қызметтерін ұсыну; 2) балаларға арналған жаңа жылдық іс-шараларды өткізу.

2018 жылы кәсіптік бағдар беру курсынан өткен оқушылар саны 503 адамды құрады, жаңа жылдық ертеңгілікке келген балалар саны-184 адам. 1) 2018 жылы 503 адам оқытылды, 1 оқушыға жұмсалатын орташа шығын 135,26 мың теңгені құрады; 2) 2018 жылы жаңа жылдық ертеңгілікке 184 бала қатысты, 1 балаға жұмсалатын орташа шығын 1,0 мың теңгені құрады.

2018 жылға «Степногорск қаласының білім бөлімі» ММ-мен оқушыларды еңбекке және кәсіптік оқыту бойынша қызмет көрсетуге 68037,0 мың сомаға шарт жасалды, сондай - ақ ата-аналармен 184,00 мың теңге сомасына жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізу туралы шарттар жасалды.

2018 жылы кәсіпорынның шығыстары 68966,92 мың теңгені құрады, оның ішінде сату бойынша шығыстар 59728,21 мың теңге, әкімшілік шығыстар 9238,71 мың теңге. Сыйақы бойынша шығыстар және басқалары жоқ. 2018 жылы ақшалай қаражат түсімі 68968,23 мың теңгені құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырма бойынша оқушыларды кәсіптік оқыту бойынша қызметтер - 68037,00 мың теңге, ертеңгіліктер өткізу - 184,00 мың теңге, шатырды жөндеу бойынша конкурсқа қатысушылардың кепілдік жарналары - 747,23 мың теңге. теңге.

2018 жылы ақша қаражатының шығуы 68968,23 мың теңгені құрады. 2018 жылы өнім өндірумен айналысатын қызметкерлердің еңбекақысы 20254,68 мың теңгені құрады, оның ішінде негізгі жалақы 17368,13 мың теңге, тұрақты сипаттағы қосымша ақылар, үстемеақылар (санат, кабинет үшін қосымша ақы және т.б.) - 2227,29 мың теңге, тұрақты сипаттағы емес төлемдер 659,26 мың теңге, оның ішінде емдеу жәрдемақысы - 659,26 мың теңге.

2018 жылы әкімшілік қызметкерлердің еңбекақысы - 6821,87 мың теңгені құрады., оның ішінде негізгі жалақы - 5987.09 мың. теңге, тұрақты сипаттағы қосымша ақылар, үстемеақылар (санат, әдіс, бірлестік үшін) - 481,90 мың теңге, тұрақты сипаттағы емес төлемдер - 352,88 мың теңге, оның ішінде сауықтыруға арналған жәрдемақы - 352,88 мың теңге.

2018 жылы негізгі өндірістің негізгі құралдарына қызмет көрсетуге және жөндеуге 47/1 ғимараттың шатырын ағымдағы жөндеу - 7116,24 мың теңгені, 47/1 ғимараттың қасбетін жөндеу - 650,0 мың теңгені, акт залын жөндеу - 6504,41 мың теңгені, бизнес инкубаторды, технопаркті және дәліздерді жөндеу-12690,68 мың теңгені құрады.